



[www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
f @farabishakirti.kz  
i @farabishakirti.kz

Ushqyr oila! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!

# Farabi

№03  
наурыз  
2024

*shákirti*

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



# Құрметті ата-ана!

Ұл-қызыңыздың шығармашылықпен айналысатыны сөзсіз. Алайда жазған мақаласын, шығарған өлеңі мен жетістігін, салған суреттерін жариялайтын журнал бар, «Farabi shakirti» - деп аталады.

«Farabi shakirti» журналына 2024 жылдың 9 айына жазылу жалғасуда. **Индекс: 76081**

**Қала бойынша:** 1 айға жазылу бағасы – 526,90;  
9 айға жазылу – 4742,10.

**Ауыл/село бойынша:** 1 айға жазылу бағасы - 531,20;  
9 айға жазылу – 4880,80.

Журналдың электрондық нұсқасына да жазылуға болады.  
**Индекс 26081**

**Қала бойынша:** 6 ай – 3079,80. 12 ай – 6159,60.  
**Ауыл/село:** 3105,60, 6211,20.

Балаңызға қай нұсқаны жазып берсеңіз де тиімді.

 [farabishakirti.kz](https://www.facebook.com/farabishakirti.kz);

 [farabishakirti.kz](https://www.instagram.com/farabishakirti.kz) әлеуметтік парақшаларымызды ақтарып, қараңыз!

[farabishakirti.kz](https://www.farabishakirti.kz) әлеуметтік желісінде де бармыз. **Тел: 87017309312**



Зерек жасөспірімдерге арналған Республикалық басылым

## Farabi shakirti

№03 (55) наурыз, 2024 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,  
айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).

Шығарушы және меншік иесі  
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**  
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**  
**Тамила ИБРАГИМОВА**  
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: 040600  
Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81  
87017309312  
E-mail: [farabi\\_shakirti@mail.ru](mailto:farabi_shakirti@mail.ru)  
ТАРАЛЫМЫ – 228 ДАНА

Журнал Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде  
28.01.2019 жылы тіркеліп,  
№17481-Ж куәлігі берілді.

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік  
мекемесі Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және  
желілік басылымды қайта есепке қою туралы

КУӘЛІК № KZ92VPY00083151  
Астана қ. Берілген күні: 04.12.2023 ж.  
Атауы: сетевое издание, [www.farabishakirti.kz](http://www.farabishakirti.kz)  
Тілі: казахский  
Шығу жиілігі: 1 раз в месяц  
Меншік иесі: ТОО "MODERN MEDIA ALMATY" ЖШС  
Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен орта және  
жоғары оқу орындары оқытушыларына, сала мамандарына,  
магистранттар мен жасөспірімдерге арналған Республикалық  
желілік басылым-сайты  
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:  
17.02.2021, KZ43VPY00032526

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы  
мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап  
бермейді.

Мұқабаның суреті ашық дереккөзінен алынды.



## «Адам деген – әлемнің анық бағы»

Омар Һайям - парсы математигі, астрономы, ақыны (толық аты - Абу-ль-Фатх Омар ибн Ибраһим аль-Һайям) шамамен 1048 жылы Хорасанның Нишапур қаласында дүниеге келген, әрі сонда қайтыс болған. Жас кезінде жақсы отбасының тәрбиесінде болған, әрі өлеңге құмартып өскен, оның кейбір өлендері осы күнге дейін жеткен. Нишапурда жұмыс атқарған кезінде, сол кездегі оқымыстылармен бірлесіп сол замандағы күнтізбеге өзгерістер енгізген.

Оның ең негізгі еңбегі «Алгебра мәселелерінің дәлелі» атты кітап. Бұл кітаптың арабша қолжазбасы мен латынша аударма нұсқасы сақталған, әрі қазір көптеген шет тілдеріне аударылып басылды. Оның «Евклидтің геометрияның бастамалары кітабындағы қиын формулаларға түсініктеме» атты кітабы шығыс математикасының дамуына ерекше рөл атқарған.

### Омар Һайямның даналық сөздері

- \* «Адам деген - әлемнің анық бағы, Түсінер мұны олардың данышпаны».
- \* «Көздер сөйлей алады. Қуаныштан күле де, жылай да алады. Көздермен естен адастыруға да, жылата да аласың. Сөздермен алдауға болады, бірақ көзбен алдау мүмкін емес. Адамның көздерінде тылсым күш жатыр».

«Ей, көңілім, сыйлық күтпе бұл  
заманнан қараңғы,  
Уақыт озар барлығынан шаң қаптырып адамды.  
Дертін әр сәт күшейеді, ауырады тынымсыз,  
Күткенменен мына уақыт емдемейді жаранды».

«Жас та өтер, бірте-бірте кәрі де өтер,  
Баянсыз бұл жалғанның бәрі бекер.

Жаһанда мәңгі жасар жан жоқ, сірә,  
Кетеміз, кетті, келер, тағы кетер...»

\* «Өмір сүрудің екі заңын білген адам бақытты болар. Бірі - не болса соны жей бермей, азығына талғаммен қарайтын жан; бірі - кім болса, сонымен дос болмай, айналасындағы достарын жөнімен таңдай білетін адам».

\* «Адамның санасы қаншалықты төмен болса, ол мұрнын соншалықты аспанға шүйіреді».

\* «Бөтенге шексіз сеніп қалудан сақтан, дос деп құрмет тұтып жүрген адамыңның өзі сені сатып кетуі мүмкін».

\* «Әрекет етпей арманға жетуді ойлау, егін екпей, оны жинаумен тең!»

\* «Уайым ертеңгі мәселені шешпейді, тек бүгінгі мазаны алады».

\* «Маған адамның кедейлігі емес, оның ойы мен жанының кедейлігі қынжылтады».

\* «Бәрін түсіндіруге болады, бірақ бәріне емес».

Bilimall.kz

Сурет: ашық дереккөзінен алынды.

Мағжан Жұмабаев

## АНАМА

Өмірімнің қап-қараңғы түнінде,  
Еш не білмес түсім бе я өнім бе  
Оң менен сол, от пенен су айырмас,  
Күшсіз, әлсіз, есім білмес күнімде,  
Құшағыңа алдың, сүйдің сен, анам,  
Ренжу жоқ, барлық сөзің: «Жан балам!»  
Ыстық-суық, желге-күнге тигізбей,  
Асырап, сақтап, болдың, анам, баспанам.  
Түнде тұрып, түн ұйқыңды төрт бөлдің,  
Тыныш ұйықтасын деп, аз сөйлеп, аз күлдің.  
Ыңырансам, я қарным аш, я тоңған  
екенімді, ойламастан, тез білдің.  
«Жаным – дедің, – қарашығым, құлыным»,  
Сүйдің, қыстың, дедің: «Тәтті қылығың!»  
Қаз-қаз тұрсам, езу тартсам, құласам,  
Я жыласам – бәрі жақты қылығым.  
Жаным анам – жібек тілді, ақ көңіл,  
Жазу болып, шегер болсам ұзын жол,  
Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға,  
Жан балаңа ақ батаңды бере гөр!..

Сагинова Лаура

## АНАМЫЗ

Бар өмірін баласына паш еткен  
Өз баласын одан артық кім сүйген?  
Бар жақсыны таңдап, беріп сәбиіне  
Бар білгенін баласына үйреткен.

Жақсы менен жаманнан алшақ ұстап,  
Білім менен өнерге қолын нұсқап,  
Болашақта сәбиінен үміт күткен  
Ауырмасын анашымыз ер ісімен.

Жақсыкүл Қосыбайқызы,  
Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі

## АЯУЛЫ АНА

Асыл анам нұрын шашқан көктем күн,  
Тұнық, таза бұлақтайсың мөп-мөлдір.  
Жетеуімізді бағып-қағып өсірген,  
Бар өмірің, әкемізбен өткен бір.

Асыл анам, бізді өмірге әкелген,  
Қырық бес жыл өмір сүрдің әкеммен.  
Бәрімізді құтты орынға қондырып,  
Өздеріңнің еңбектерің өтелген.

Бәрін берген бақыты үшін баланың,  
Өзің, ана, баға жетпес бағалым!  
Арқа сүйеп, еркелеген сәбиге,  
Перзент үшін орны бөлек ананың.

Кеткенмен біз қияға ұшып, алыстап,  
Әкем де өтті аманатын табыстап.  
Бар тауқымет бір өзіңе жүктеліп,  
Иығыңнан басқандай ма, жаныштап?

Асыл анам мейірімді жүрегің,  
Еңбегің зор ұрпақ үшін білемін.  
Өзің берген тәрбиенің арқасы,  
Жанұямның көшін сүйреп келемін.

Жан анашым тектілігің бойымда,  
Ақылың мен даналығың ойымда.  
Ұл-қыздарың қызмет етсін, анашым,  
Жетпіс жасқа толар торқа тойыңда!

Сенсің, ана, жол көрсетер шырағым,  
Өзіңізге арналады жыр әнім.  
Ақ тілегім жүзге жетсін жасыңыз,  
Осы менің бір Алладан сұрарым!





Анар Шамшадинова

## АНА

Ана!!!!

Сен деген

Ең ұлы адамсың.

Жеңбеген

Ешбір мұң, тәмам сын.

Мұң түгіл, қайғы да енбеген,

Тек бақыт лайық қамалсың.

Сен деген

Ең көркем әйелсің жердегі.

Тең бе еді?

Қылығың – жұлдыздың ермегі.

Ғажайып ән-күйдің өзі де,

Жетпейді күлкіге сендегі.

Сен деген

Мейірім бағысың.

Зердеде,

Ақылды айтпасам тағы сын.

Сабырды сап-сары сақтайсың,

Жүректің жайлатып қағысын.

Сен деген,

Өмірдің мәнісін,

Тербеген

Көңілдің шәлісін.

Періште кейпінде күлесің,

Перзенттің пайымдап әр ісін.

Ана!

Сен деген ең ұлы Адамсың!!!

Берикболова Бекзат

## ЖАН АНАМА

Нұрын шашқан күнімсің ғой жан анам,

Бар шуағын баласына арнаған.

Бір өзіңнен қуат алып өмірде

Сенің салған сара жолды жалғағам.

Айымсың ғой жарық қылар түнімді,

Жұлдызымсың сәнді еткен көгімді.

Бір Алладан саулығыңды тілеумен

Атқызамын әрбір ғажап күнімді.

Қымбат жансың, мен үшін ең асылсың!

Аллам сенен жамандықты қашырсын.

Әкемменен мәңгі шалқып бақытқа

Жастарыңды жүзден дағы асырсын!

Тілегімнің бастауы да бір өзің,

Мейірімге толы мынау нұр жүзің.

Сен жанымда болған кезде әр сәтім

Жаздай жайлы қысым менен сұр күзім.

Бақытымсың, жаным анам, жан анам,

Мен өзіңді періштеге балағам.

Ауырмашы, қартаймашы ешқашан.

Мақсатыңа жетші әр кез қалаған.

Өзіңсің ғой өмірімнің тірегі.

Аман жүрсең - маған сол ғой керегі.

Бақытты бол, ауырма деп тілейді

Сәбиіңнің жұдырықтай жүрегі!



## Мемлекет басшысы Физулиде Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығының ашылу рәсіміне қатысты

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев қазақтың дәулескер күйшісі Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Заманауи инновациялық орталық Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қазақстандықтардың атынан бауырлас әзербайжан халқына гуманитарлық тарту ретінде қысқа мерзім ішінде салынды.

– Бұл – Қазақстан халқының тартуы. Менің жеке тапсырмам бойынша аталған сыйлықты жекеменшік VI Group компаниясы бүкіл халықтың атынан шын жүректен ұсынып отыр. Орталық елдеріміз арасындағы жан-жақты байланыстарды нығайтуға қызмет етеді деп ойлаймын. Сіздерге табыс пен бақ-береке тілеймін. Әзербайжанның осы қасиетті өлкесі қарыштап дами беретініне сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті Физули жұртшылығымен әңгімелесу кезінде.

Өз кезегінде Ильхам Әлиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша Қазақстан халқына алғыс айтты.

– Бауыр ретінде осындай керемет сый жасағаныңыз үшін Сізге алғыс айтқым келеді. Азат

етілген жерлерде Балалар шығармашылығы орталығын салу Сіздің бастамаңыз еді. Осыдан бір жарым жыл бұрын Әзербайжанға келген кезіңізде, аталған орталықтың жобасы таныстырылған болатын. Ол бір жыл ішінде салынды және бүгін ресми түрде ашылып отыр. Орталық қазақ халқының ұлы перзенті Құрманғазының есімімен аталды. Кеше айтқанымыздай, бұл тек балалардың шығармашылығын шындап қана қоймай, Қазақстан мен Әзербайжанның достығы мен бауырластығын айшықтайтын орталық болады. Біз бұл тартуға шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Әзербайжан халқы мұны ешқашан ұмытпайды, – деді Ильхам Әлиев.

Бұл Орталыққа Құрманғазының есімі кездейсоқ беріліп отырған жоқ. Өйткені қазақ халқының дәулескер күйшісінің бай мұрасы бүкіл түркі дүниесінің асыл қазынасына айналды.

– Шын мәнінде, Құрманғазы – қазақ музыкасының алыбы. Тіпті түркі мәдениетінің ажырамас бөлігі деп айтуға болады. Қазақтың күй өнерін Құрманғазысыз елестету мүмкін емес. Оның туындылары өте тегеурінді әрі заманмен бірге жасай береді. Сондықтан оның әйгілі «Сарыарқа» күйін халық әлі күнге дейін тебірене



тыңдайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Екі ел басшылары Орталықтағы жаңа кабинеттерді, кластарды, залдар мен шығармашылық студияларын аралап көрді. Ғимараттың іргетасы былтыр наурыз айында қаланған болатын. Нысанды жобалау жұмыстары үш айдың ішінде жасалып, құрылысы 9 айда аяқталды.

1,5 гектар аумақта орналасқан орталықтың жалпы ауданы – 2700 шаршы метр. Екі қабатты ғимаратта 600 баланың бірнеше ауысыммен мектептен тыс білім алуына барлық қажетті жағдай жасалған. Мұнда дәріс залы, шахмат, аспаз кластары, көркем-өнер және мүсін студиясы, хореография және спорт залдары, дыбыс жазу кабинеті, музыка және вокал класы, фото-бейне-монтаж, веб-дизайн және роботты техника кабинеттері, акт залы, 3D-модельдеу класы бар. Орталықта IT-стартаптарға және Әзербайжанның ұлттық мәдениетіне, соның ішінде кілем тоқу өнеріне айрықша мән берілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық ұжымына Құрманғазы домбырасының көшірмесін, сондай-ақ білім ошағының тәрбиеленушілерін таситын автобусты сыйға тартты.

Akorda.kz  
2024 жылғы 12 наурыз  
Әзербайжан, Физули қаласы



Қарар емес наурыз атағына,  
Алар емес ақпанды қатарына.  
Күні бойы жылаған қарт пенденің,  
Түні бойы мұз тоңды сақалына.

**Мұзафар Әлімбаев**

## **НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ**

Қарық қып құтты Наурыз,  
Қазанға толсын сары уыз.  
Қайнасын Наурыз көже де,  
Толтырып ішкей кесеңе.  
Ұлыстың ұлы күнінде,  
Көппенен бірге күлімде.  
Көбейсін жаңа достарың,  
Молайсын елге қосқаның.  
Жарасып көңіл хоштығы,  
Бекісін халық достығы.  
Ішінде жүрсе аз ғана,  
Шайылсын өкпе, наз-нала.  
Алдыға сыймай сәбилер,  
Құшағын жайсын жаңа үйлер.  
Жастардың самсап отауы,  
Мейірім төксін Отаны.  
Әспеттеп ата дәстүрін,  
Әсем боп өссін жас буын.  
Кірбің тартпасын кәрілер,  
Барыңның дәмді нәрін бер!  
Дүрлеген Қазақстанға  
Таңғалсын дос та, дұшпан да!

**Мұқағали Мақатаев**

## **НАУРЫЗ**

Ақпан кетті араз боп наурызбен,  
Наурыз жүр жоғалған бағын іздеп.  
Көктем жетті көрісіп, жанын үзген,  
Қыс аттанды қоштасып тағы бізбен.  
Көктем жетті көл-көсір шуақ қуып,  
Қыс барады қиылып, жылап тұрып.  
Шатырында үйлердің наурыз жүр,  
Мұз көргісін ақпанның лақтырып.  
Тозған тонын бойына кие алмай бір,  
Қайда барса қарт Аяз сыя алмай жүр.  
Асқар таулар атасын шақырады,  
Ой мен қырын атасы қия алмай жүр.

**Фариза Оңғарсынова**

## **НАУРЫЗ ӘНІ**

Көктемім – көркем арманым,  
махаббат, мөлдір таңдарым.  
Наурызым жақса шамдарын,  
жайдары, жарқын жан-жағым.

### **Қайырмасы:**

Наурыз, наурыз – жаңа жылым,  
наурыз, наурыз – лала гүлім,  
жанымды тербеп барады үнің!  
Наурыз, наурыз – жаңа жылым,  
наурыз, наурыз – лала гүлім,  
жайнаған жастығым, балалығым!

Көк жасыл көйлек қырларда,  
көктемгі үміт – сырғанда.  
Алғашқы махаббатымдай  
нәзіксің нұрдан, жырдан да!

### **Қайырмасы:**

Наурыз, наурыз – жаңа жылым,  
наурыз, наурыз – лала гүлім,  
жанымды тербеп барады үнің!  
Наурыз, наурыз – жаңа жылым,  
наурыз, наурыз – лала гүлім,  
жайнаған жастығым, балалығым!

Мейірім төгіп далама,  
Жылу бер жанға, санама!  
Наурыз – бағым, ырысым,  
жерімді менің арала!

**Абдрахман Асылбек**

## **ЖАҢА ЖЫЛ – НАУРЫЗ**

Мерекеміз Наурыз –  
Халық күткен бақ-ырыс.  
Адамдардың аңсары,  
Бір-біріне сағыныш.



Кетіп қыстың ызғары,  
Жібіп тоң мен мұз-қары,  
Жарқырайды күмістей  
Таудың асқақ шындары.  
Күн менен түн теңеліп,  
Жердің жүзі көгеріп,  
Сылдырайды бұлақтар,  
Шаттық үнге кенеліп.  
Күлімсірей күн шығып,  
Тал-дараққа бүр шығып,  
Кіріседі тірлікке,  
Жан-жануар құлшынып.  
Өткен өмір – өткен жыр,  
Оралмасқа кеткен бір.  
Өз Наурыз – Жаңа жыл,  
Көптен күткен көктем бұл.  
Өз Наурыз – көктем бұл,  
Сағыныш боп жеткен жыл.  
Төгіп мейір көктен нұр,  
Жер бетіне еккен гүл.  
Кәрі-құртаң қош күліп,  
Жас буынға ес кіріп,  
Жарып шығып жаңалық,  
Ығысады ескілік.  
Көңілдегі алты айғы  
Өкпе-наздар тарқайды.  
Бетке алып Алтайды,  
Қыран құстар самғайды.  
Атқан таңмен ағарып,  
Жеткен Наурыз – жаңалық.  
Адамдарға ақыл-ой,  
Дарқан мінез, даналық.  
Халық күткен бақ-ырыс –  
Жаса, жаса Наурыз.  
Аласармай тауымыз,  
Гүлдей берсін бағымыз.

**Айтқали Нәріков**  
**НАУРЫЗ**

Ақыл-ойдың зерегінен жаралып,  
Салт-дәстүрдің тереңінен нәр алып,  
Наурыз келді! Наурыз келді, жарандар,  
Бойға қанмен намыс болып таралып.  
Кездер болды ел шаттығын бұқтырған...  
Кездер болды жанарларға шық тұнған.  
Сондадағы наурызкөже пісіріп,  
Әр шаңырақ көңіл-күйін ұқтырған.



Қыс - кәрілік, көктем мына - жастығым,  
Деп тұрғандай құшақты кең аш бүгін!  
Наурызбенен бірге келіп қуаныш,  
Қабағымнан қармен бірге қашты мұң.  
Қатар келді жаңару мен жасару,  
Төрлет, Наурыз, төңіректі жаса ду.  
Қариялар бір серпіліп қалсыншы,  
Табыссыншы бозбала мен жас ару.  
Сыйлап бізге татулық пен тыныштық,  
Наурыз келді! Жүрген жері ырыс-құт!  
Бабалардың аманаты болған соң,  
Наурыз менің жүрегіме тым ыстық!!!

**Ернұр Сейдахмет**  
**ЖЫЛ БАСЫ**

Күлімдеді көкте күн.  
Тез өссін деп еккенім.  
Арық салдым әкемнің  
Қолыма алып кетпенім.

Үйдің ішін жайнатып.  
Әкелді анам май, қатық.  
Наурыз көже пісірді,  
Әжем қазан қайнатып.

Асыр салып ойнадық.  
Наурыз тойын тойладық.  
«Берекелі жыл болсын!»,  
Деді атам ойланып.

Наурыз бақ боп кел елге!  
Айтылды ән, өлең де.  
Мол дастархан жайылды,  
Барлық көрші-көлемге.

Айдынға құс қонсын кеп.  
Дала гүлге толсын,- деп.  
Бата берді үлкендер,  
Наурыз құтты болсын! - деп.

# НАУРЫЗДЫҢ ТАРИХЫ ҚАЗЫҒҰРТТАН БАСТАЛАДЫ



Ежелгі қазақтар жылды он екі айға бөліп, жыл басын «Наурыз» деп атаған. «Наурыз мейрамы - ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Көне парсы тілінде нава - жаңа + рэзанһ - күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но - жаңа + роуз=күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді. (Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет).

Өздеріңіз көріп отырғандай, қазіргі тарих ғылымы Наурыз мерекесінің шығу тегін де, Наурыз деген сөздің өзін де парсыға апарып теліп тастаған. Бұл түп-тамырымен қате тұжырым. Дәлел ме? Тыңдап көріңіз!

Наурыз мерекесі – жаратылыстың өз заңымен үйлескен, нағыз табиғи мереке. Бұл мереке әрі жаңа жыл болып саналады. Жылдың төрт мезгіліндегі, көктем мезгілі – бүкіл тіршілік атаулының жанданатын, жаңарып түлейтін кезеңі. Сондықтан күн мен түн теңесіп, тіршілік атаулы «ұйқысынан оянып», қайта түлейтін осы наурыз айы - жыл басы болып есептеледі және бұл мереке қазақта «Амал» деп те аталады. Бұл сөздің жалғасы «Аман». (Қыстан амалдап, жазға аман жету).

Ежелгі шежірелік деректерде, Наурыз мерекесі 127 ғасырдан бері қазақ елінде Қазығұрт тауына Нұқ пайғамбардың кемесі келіп тоқтаған күннен бастап тойланып келе жатқаны айтылады. Өткен ғасырдың аяғында Тәжікстандағы 3000 метр биік таудың басынан акуланың тасқа айналған сүйегі табылғаннан кейін, бүкіл әлем ғалымдары Нұх пайғамбардың кемесі қалған жер - Түркістан облысындағы Қазығұрт тауы екенін мойындауға мәжбүр болды. Бұл мерекені қазақтардың «Ұлыстың ұлы күні» деп атайтындарының сыры осыдан болса керек.

Қазақтың этнограф - ғалымы Жағда Бабалықұлы 1970 жылы Мәскеудің Ленин атындағы кітапханасынан төте жазумен жазылған «Наурыз» деп аталатын ұзақ жырдың қолжазбасын тапқан. Бұл жырда Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұртқа келіп тоқтаған мезгіл дәл күн мен түннің теңескен күні екені, осы күні үлкен той жасалғаны, сол ұлы мерекеге адам мен жан-жануарлар түгел қатысып, Нұх ғ.с. олардың бәріне өзінің жақсы көретін нәрсесінен мол шашу шашқандығы, осылайша бұл күн жаңа жылдың басы ретінде тойланатын болғаны айтылады. Осылайша, Наурыз мерекесі – нағыз табиғат мерекесі және тарихы өте ұзақ мереке. Бүкіл әлемде бұған тең келетін бірде-бір мереке жоқ. Бұл дегеніміз, бүкіл адамзат тіршілігінің, мәдениетінің қазақ жерінен, қазақ елінен бастау алғанын көрсетсе керек.

Ақиқатында да, Наурыз мерекесі бастауын Нұқ пай-

ғамбар заманынан алады. Оны қазақи шежіре былайша түсіндіреді: Ұлы Жаратушы - Алланың бұйрығымен Нұқ пайғамбар алып кеме жасап Алланы мойындаған мұсылмандарды, өз туыстарын және әртүрлі аңдарды жұбымен кемеге отырғызады. Айтылған күні «тандырдың» астынан атқылап су шығып, аспаннан жеті күн нөсер жауын жауады. Жер бетін толқыны көкті шарпыған топан су басады. Кемеге мінгендерден басқаларының бәрі топан суға қарық болып, ажал құшады. Кеме ұзақ жүзеді. Біреулер алты ай, біреулер одан да көп дегенді айтады. Кеменің суда ұзақ жүзуіне және азық-түліктің азаюына байланысты кеме ішінде қобалжу, өмірден түңілу деген сияқты наразылықтар басталады. Нұқ пайғамбар бастап кемедегілердің барлығы күні-түні Аллаға жалбарынып, күніне бес мезгіл намаз оқиды. Азықтары таусылуға жақындағаннан бастап күн аралатып қарлығашты ұшырып отырады. Қарлығаштан еш белгі білінбегесін азық-түлікті үнемдеу мақсатында Нұқ пайғамбардың бұйрығымен ораза ұстауға көшеді. Бір күні қарлығаш аузына ағаштың жапырағын тістеп келгенде кемедегілер судың тартыла бастағанын бағамдайды. Тағы бір де құстың аяғы балшыққа былғанып келеді. Кеме сол бағытпен жүзіп отырып қазіргі Қазығұрт тауының басындағы суы тартылған кішкене аралға келіп ілінгір (жәкір) тастайды. Жұрттың бәрі кемеден түсіп, қуаныштан көз жастарына ерік беріп, бірімен-бірі төс қағыстыра құшақтасып, қол алысып, құттықтасады. Қоймалардың түбінде қалған жеті түрлі астық түрінен көже жасап бәрі маз-мәйрам болып тойлайды.

Адай шежіресі бойынша Нұх пайғамбар қауымы Адай атаның екі ұлының үлкені Құдайкемен оның екі ұлы Тәзіке (үлкені) және Қосай (кішісі) болып таратылады. Суға қарық болғандар да, аман қалғандар да сол Құдайкенің екі баласының елі. Нұх пайғамбардың тегі Қосай. Кеменің тоқтаған жері қазіргі Түркістан облысы, Қазығұрт (Қазық жұрт) тауы. Сол тауда «Кеме қалған» шоқысы мен осы аттас ауыл; Ленгер (Ілінгір, якор) елді мекені (ауданы); Әңгір ауылының аймағындағы тау шоқысының ернегінде Адам Ата мен Ауа Ана киелі тасы мен сол шоқының етегінде Қайып Ерен Қырық Шілтендер су ішкен бұлақ бар.

Ол өңірде бұлардан да басқа «Пайғамбар тоқтаған», «Пайғамбар саусағы», Ақ бура, Көзді ата, Шілтер ата (Қайып Ерен Қырық Шілтен) атаулары сақталған.

«Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған» деп күні бүгінде де ел аузында айтылып келеді. Бұл күндері Қазығұрт атауының шығу тегі жөнінде әркімдер қазақтың шежіресі мен оның сөз жасау қағидасын білмегендіктен әртүрлі жорамал-тұжырымдарға жол беріліп жүр. Дұрысы, Қазығұрт біріккен сөз, Қазық және жұрт деген екі сөзден тұрады. Атам Қазақтың сөз жасау жүйесінде «Қ» мен «Ғ» ауысып қолданыла береді. Манқыстау-Маңғыстау. Ал екі сөзден біріктіріліп бір сөз жасағанда, екінші сөздің бірінші дыбысы, немесе бірінші сөздің соңғы дыбыстары, дыбыс үндестігіне сәйкес түсіп қалады: Құдайке (Қу Адай әке), Тәзіке -Тәз (Әз) әке, Манқыстау (Мандардың қыстауы), Бидай (Би Адай), Отан (От Ман), Оғыз (Оқ қыз), Үстірт (Үстіңгі жұрт), Қазір – Қаз бір (пір), Қырат (Қыра Ат), Торат (Торы Ат, Таурат), Әкел (Алып кел), Апар (Алып бар), Биыл (биылғы жыл), Кенжахмет (Кенжахмет), Зейнолла (Зейін олла, Алдонғар (Алдыонғар), Қожахмет (Қожа Ахмет) т.т. Қазық қазақтың балама атауы, яғни бүкіл әлем елдерінің қарашаңырағы. Сол сияқты қарашаңырақ пен қазықта синоним сөздер. Ал, Жұртқа келсек, бұл Қасиетті Құранда айтылатын ежелгі Жуды тауының атауы. Қазық пен Қазақтың, Жуды мен Жұрттың (Жұма, Жұмыс, Жұқа, Жуан, Жусан, Жуа, Жүгері, Жүз, Жүздеген, Жүздеп, Жүзінші, Жүзік, Жүзім, Жүзбасы, Жүзу (суда), Жүзгіш, Жүзбе-жүз, Жүздесу) түбірлес болатындары осыдан. Қасиетті Құранда айтылған Жуды тауы осы тау. Атам Қазақ та Сөз түбірі (өз түбі, өз атасы) ешқашан жаңылысып көрген емес.

Нұх пайғамбардың тегі қазақ, кеме тоқтаған жерде күні



бүгінде де қазақтар отыр. Оларда осы біз сөйлеп жүрген тілде сөйлеген. Нұх пайғамбардың үш ұлының ең үлкені Қам өз әулетімен қазіргі Үнді жеріне кетіп, сонда қоныстанды. Қазақтан бөлініп өзге өңірге алғаш қадам басқан Қам атамыз болды. Қазақтың «Қадам (Қ-ада-м)» - Қамның атасы деген сөзі осылай дүниеге келді. Жылқы мен жылқышылардың пірі Қамбар атамның да тегі осы. Органшы ұлы Сам (Шам) өз әулетімен қазіргі Иран, Арабия жерлеріне барып қоныстанды. Ал, Нұхтың кенжесі Иафес, әке бұйрығымен солтүстікке қоныс аударды.

Нұхтың өз елі қазіргі қазақ даласындағы Қазығұрт тауы (Сыр өңірі) алқабын жаз жайлау, Маңғыстауды қыс қыстауы етіп, мәңгі тұрақтап қалды. Ата жұрт бүткіл жер шарындағы үш ұлының елдерін осы өңірден басқарды. Осы өңір сан



мындаған жылдардан бері бүкіл әлем елдерінің астанасы болып келеді. Көшпенді ел (қазақтар) бүкіл әлем елдерінің Ана тілін ешбір елдің тілімен будандастырмай бүгінгі күнге жеткізді. Біздер Нұх атамның қарашаңырағының иесіміз. Қазақтың Иа, Иә, Ие, Кие, Қия, Қарақия, Қиян, Қия деген сөздері сол Иафес атамның қалды.

Наурыз – таза қазақ сөзі. Негізі Нұх (Нұх, Нух, Ной, Нау, Най болып әртүрлі лақап аттармен аталып жүрген) пайғамбар атамның атынан шыққан. Ал екінші буындағы «рыз»-ға келсек, қазақта осы жалғаудан арыз, қарыз, парыз деп, адам баласына жауапты міндет жүктейтін (міндетінді орындамасаң арыз туындайды) және «ыз» жалғаулығынан уыз, қыз, сыз, тыз деген адамзат ғұмырының бастауындағы тез өтетін ұғымды білдіретін сөздер жасалған.

Нау дегеніміздегі «Н» дыбысы Нұх атамның есімін берсе, одан кейінгі «Ау» - Ауа атамның есімін береді. Таудың да сөз түбірі «Ау» болатыны осыдан. Таудың атауы Ауа атамның құрметіне қойылған. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде айтарымыз, сонау бағзы заманнан бері бізге жеткен ұлы шежіреде қазақтың ежелгі жыл басы Наурыз мерекесінде 365 күнге арнап, 365 күй ойнағаны айтылады.

Қазақта Наурыз мерекесіне байланысты: Наурыз күні, Наурыз айы, Наурызнама, Наурызкөже, Наурыз тойы, Наурыз жыры, Наурыз жұмбақ, Наурыз бата, Наурыз тілек, Наурыз төл, Наурызкөк, Наурыз есім, Наурыз шешек, Наурызша, Өз Наурыз, Қыдыр, Самарқанның көк тасы деген сияқты атау сөздер бар. Қазақ халқы бұл күні дүниеге келген балаларға Наурыз, Наурызбай, Наурызбек, Наурызхан, Наурызұл деген есімдер берген. Наурыз сөзі бізге өзге тілден енген болғанда мына сөздер Қазақтың сөздік қорында болмаған болар еді. Айрықша атап өтетін жағдай, Өз (қазақтың лақап аты) Наурыз – Наурыздың тегі Қазақ дегенді білдіреді. Өз Түрік, Өз Жәнібек, Өз Тәуке, Бурахан Өзі т.т. осы айтқанымыздың айдай айғағы болмақ.

Сөз соңында айтарым, Маңғыстаулықтар 14-ші наурызды – Ұлыстың Ұлы күні, Амал мерекесі, жыл басы деп, есте жоқ ескі замандардан бері тойлап келеді. Өңгімеміздің басында қазақ халқы, соған сәйкес бүкіл әлем елдері жылды он екі айға бөлетінін айтқанбыз. Міне, осы 14 күні жаңа ай туады. Бұл күні адамдар өкпе-наз, реніштерінің бәрін ұмытып, жасы кішілері үлкендеріне барып көрісуден басталады. Осы мақаланы жасы үлкендеріңіздің бәріне барып көріскеніміз ретінде қабыл алғайсыздар.

Баршаңызды Жаңа жылдарыңызбен құттықтаймыз! Бастарыңыз аман, дендеріңіз сау, елімізде тыныштық, молшылық, татулық болғай! Амалдан амалға аман-сау жете бергейміз!

**Қожырбайұлы Мұхамбеткәрім, Ult.kz**  
23 наурыз, 2018 жыл  
Суреттер: [ardak.kz](http://ardak.kz); [abai.institute.kz](http://abai.institute.kz); E-history

# АРДАНА - АСПАН АРУЫ

Зеңгір көк аспан, ақ мамық бұлттар, ұшы-қиыры жоқ кең дала. Әлемдегі соңғы үлгідегі жойғыш ұшақтардың бірі Су-30 СМ-ді тізгіндеген 27 жасар Ардананың күнделікті жұмыс барысында тамашалайтын әдемі көрінісі. Бірақ бұл әдемі романтика, арманыңның орындалу сәтінде басыңнан кешетін керемет көңіл күй оған бірден келген жоқ. Аға лейтенант Ардана Ботай жеткен жетістік бізді де бей-жай қалдырмады.



Әйелдердің халықаралық мерекесі қарсаңындағы ендігі сөз «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы, еліміз Қарулы Күштерінің мақтанышы, тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет жауынгерлік ұшақты меңгерген ұшқыш қыз А. Ботай жайында болмақ.

2021 жылы 30 шілдеде ҚР Қарулы Күштерінің тарихында айтулы оқиға болды! Қазақстанда бірінші рет қыз бала әскери жойғыш ұшақты бағындырды. Көпфункционалды 4++ жаңа буындағы, жоғары маневрлі Су-30 СМ жауынгерлік ұшағында экипаж командирі ретінде дербес ұшуды алғаш рет әйел адам орындады. ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысы авиация генерал-лейтенанты Нұрлан Орманбетов дербес ұшуға рұқсат беретін практикалық емтихан қабылдады.

ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысы, генерал-лейтенант Нұрлан Орманбетов:

—ҚР Әскери әуе күштерінде тарихи оқиға болды деп те айтуға болады. Еліміз Қарулы күштерінің тарихында бірінші рет өздігімен экипаж командирі ретінде әскери ұшақ Су 30 СМ-де әйел ұшқыш аға лейтенант Ботай ұшты. Осылайша ол жауынгерлік авиациядағы әйелдердің ерлермен тең дәрежеде күрделі міндеттерді орындай алатынын дәлелдеді. Әрине, осы ретте оның жақсы дайындығын, көк аспанды бағындыруға деген ұмтылысын, мемлекетіміздің әуе шебіндегі қауіпсіздігін қорғау қызметінде жойғыш ұшқыш ретінде берілген тапсырмаларды орындап жүргенін атап өтуіміз керек. Бұл мақтанышпен айтарлықтай жағдай! – дейді.

...Екінші дүниежүзілік соғысы жылдары 300-ден астам әуе шайқасына қатысқан қазақтың аңызға айналған ұшқыш қызы Хиуаз Доспанованың ерлігі бала Ардананың көңілінде мәңгілік орнығып қалды. Одан бөлек Ардана Ботай жалын шарпыған ұшағын жау техникасына бағыттап, соғыста ерлікпен қаза тапқан ұшқыш, Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіровтың туып-өскен өңірінен. Қарағанды облысының Қарқа-

ралы ауданында дүниеге келген қыз бала кезінен батыр ерлігіне қанығып, еліктеп өсті. Қазір ол – Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіров атындағы Қарағанды авиациялық базасының ұшқышы.

Авиациялық эскадрилья аға ұшқышы, аға лейтенант Ардана Ботай өзі жайлы былай дейді:

— Менің әке-шешем – Қарқаралы ауданының тумалары. Ал тұңғыш ғарышкеріміз Тоқтар Әубәкіров – біздің жерлесіміз. Мен оларды үлгі тұтамын. Оның жастарға көрсеткен үлгісі мені қашанда ұстамды болуға және білім үйренуге ұмтылуға тәрбиеледі. Менің арманым – кезінде Тоқтар Әубәкіров ағамыз бағындырған МГ-29 ұшағымен ұшу.

Аға лейтенанттың қазірде жеткен жетістіктері аз емес. Қарағандының авиациялық базасында әскери қызметті жалғыз қыз – аға лейтенант Ардана Ботай өткеруде. Авиациялық эскадрильяның аға ұшқыш – жойғыш лауазымында ол ерлермен тең дәрежеде жұмыс істейді. Бірақ мақсатқа жету жолында бәрі бірдей тегіс болған жоқ. Мектептен кейін бойжеткен Ақтөбедегі Т. Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институтына оқуға құжаттарын тапсырады. Бірақ оны оқуға алмайды. Әскери жоғарғы оқу орны қыз балаларды оқуға қабылдауға дайын болмай шығады. Алайда айтқанынан қайтпайтын Ардананы бұл да тоқтата алмады.

Ардана Ботай: – Сол кезде мен Алматыдағы Азаматтық авиация академиясына түсуге бел будым. Оны «Әуе кемелері мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану» мамандығы бойынша бітіргеннен кейін әскери қызметке орналасу мүмкіндігін іздей бастадым. Академияны бітіргеннен кейін менде 240 сағаттық рейд болды. Оның қырық сағатын мен Астана қаласының мемлекеттік авиациялық орталығында ұшып машықтандым. TL-20006 Tecnam P-2002, Diamond DA42 екі қозғалтқышты аса жеңіл ұшақтарын игердім, – деп ағынан жарылды.

Еліміздің Азаматтық авиация академиясының екін-

ші курсында оқып жүргенде ол Финляндияның Хельсинки қаласындағы «Patria» ұшқыштарды даярлайтын мектебінен тәжірибеден өтеді. Сөйтіп еуропалық кластағы коммерциялық ұшқыш куәлігін де алады. ҚР Ұлттық гвардиясында қызмет етіп жүрген жылдары 22 жасар Ардана ауыр әскери-транспорттық ұшақ Ан-26-ны да әуеге көтереді. 2018 жылы Балқаш қаласындағы 53898 әскери бөліміндегі қызметінде оған оқу-жаттығу әскери ұшағы Aero L-39 Albatros сеніп тапсырылады. Ал бүгінде аға лейтенант қыз Су-30 СМ жаңа буындағы жойғыштарда ұшады. Бұл ұшақтың ерекшелігі сол – ол кез-келген ауа райында әрекет ете алады. Ол жаудың ұшақтарын құлатып қана қоймай, жердегі, теңіздегі, әуедегі нысандарды жойып, әуеге барлауын да жүргізе алады. Қазақстан Әскери әуе күштеріне бұл ұшақтар 2015 жылдан бері әкеліне бастаған.

Авиациялық эскадрилья командирі, подполковник Бірімжан Түлепбаев:

— Ардана Ботайдың ұшуға дайындалуы үшін толық оқу-материалдық база бар. Бүгінде ол бағдарламаның 50%-ын орындады. Өзін жақсы ұшу деректері бар, сауатты әрі жауапты ұшқыш ретінде көрсете білді. Оған қойылатын талаптар барлық ұшу құрамына қойылатын талаптармен бірдей. Ер адам, әйел адам деп бөлінбейді. Өйткені аспанда бәрі тең, бәрі бірдей, – деп бағалаған.

Жалпы жоғары маневрлі жойғыш ұшақпен ұшуға рұқсат алу үшін бірнеше ай бойы теориялық білім алып, арнайы Су-30 СМ тренажерында жаттығады, штурман ретінде ұшады. Ардана бірнеше ай бойы Талдықорған қаласындағы авиациялық базада арнайы оқудан өтті. Теориялық оқыту үш ай, ал тәжірибелік сағаттар екі ай көлемінде өткен. Оқу нәтижесінде көптеген сынақтар мен емтихандарды сәтті тапсырған ұшқыш қызға Су-30 СМ ұшағымен өздігімен ұшуға рұқсат берілген.

— Алған әсерім керемет. Суреттеп айта алмаймын. Мақсатыңа жетуден артық бақыт бар ма?! Мен үшін бұл – үлкен қадам. Жұмыс барысын, жалпы барлығын біз жерде, тренажерда үйреніп, игердік. Сондықтан мен ерекше әсер алдым, тіпті белгілі бір дәрежеде

адреналин деп айтар едім. Ескертулер болды, әрине. Су-30 ұшағымен ұшуды енді бастап жатқан ұшқыш болғандықтан, айтылған ескертпелерді түсініп, қабылдадым. Мақсатыма жетер жолдың бәрі тегіс болды деп айта алмаймын. Төзімді, еңбекқор болып, арман-мақсаттарыңның жүзеге асуын күте білсең, өздеріңіз көріп отырғандай, бәрі де мүмкін екен, – дейді жүзіне күлкі үйірілген жаужүрек қыз Ардана.

Аға лейтенанттың алдағы мақсаты – ұшу техникасын жақсарту, жер үстіндегі, әуедегі мақсаттарға және топтық ұшуларға жауынгерлік қолдануға рұқсат алу үшін әрі даярлық бағдарламасына машықтану дағдыларын пысықтау.

ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысы, генерал-лейтенант Нұрлан Орманбетов:

— Аға лейтенант Ардана Ботай бүгін таза ұшу техникасын, ұшу, қону, қарапайым ұшу, күрделі ұшу өнерін көрсетті. Алдағы уақытта бағдарлама бойынша жер үсті, әуедегі мақсаттарға жауынгерлік қолданулар қарастырылған. Одан кейін топтық ұшулар. Ары қарай бұл тапсырмаларды қалай меңгереді, соған қарайтын боламыз, – дейді.

Әскери ұшқыш болу, оның үстіне ұшқыш – жойғыш болып, жауынгерлік тапсырмаларды орындау – ер адамға тән қызмет. Десек те Отанды қорғау, оған қызмет ету жолында кәсіби тұрғыда аянбай еңбек ету – адам баласының бәріне ортақ міндет. Қазақтың 27 жасар ару қызы Ардана Ботай осы міндетті ерлермен тең дәрежеде абыроймен алып жүр.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жалпыұлттық жобасының жеңімпазы атану ол үшін күтпеген жағдай болды. Бұл өсіп келе жатқан жаңа заманның жастарына үлгі болуға деген үлкен мүмкіндік дейді ол.

— Егер адамда арман, үлкен мақсат болса, оның жүзеге асуы үшін барлық мүмкіндікті қарастыру керек. Мен сіздерге орындалмайтын арман жоқ. Бастысы сүйікті ісіңізді таңдаңыз және тек алға қарай қадам басыңыз дегім келеді, – дейді нық сеніммен Ардана Ботай.

Автор: Заңғар Кәрімхан  
E-history.kz



# АУЫЛ МЕКТЕБІНЕН ШЫҚҚАН МАТЕМАТИК

**Ерқанат қалай халықаралық сайыстардың жеңімпазы атанып жүр. Бір сыныпта он бала оқитын ауыл мектебінен шыққан «Ақтөбе білім инновация лицейіндегі» үздік оқушының бірі. Халықаралық және Республикалық олимпиадалардың бірнеше алтын, күміс, қола жүлдегері.**

Ерқанат – Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Басқұдық ауылының тумасы. 2020 жылы "Мың бала" республикалық олимпиадасына қатысып, көп ішінде топ жарған. Оған бірден Алматыдағы республикалық физика-математика мектебіне жолдама берілді. Бірақ ата-анасы Ақтөбедегі Білім-инновация лицейін таңдады. Ол қазір осы жерде математиканы тереңдетіп оқып жүр.



"Ауылда мен оқыған мектеп кішкентай еді. Бір сыныпта 13 бала оқыдық. Сол жылы олимпиадаға біздің ауылдан екі адам қатысуы керек болды. Ілігіп, мен де қатыстым. Аудан, облыстық байқаудан жеңіп, республикалық жарыста топ -30 баланың ішіне кірдім. Бұлай болады деп ойламадым. Тереңдетіп оқу білім алуды жеңілдететінін түсіндім. Қазір мен үшін қиын сабақ жоқ. Қызығушылық артты, барлық сабақ оңай бола түсті. Ауылдан келген кезде тек орысша сөйлеуден қиналдым. Бірақ кейін үйреніп кеттім. Ауылда жылына бір рет қана олимпиадаға қатыстық. Мына жақта жылына 7-8 олимпиадаға қатысамыз. Ынта болса алға шығуға ештеңе кедергі емес деп ойлаймын. Әр олим-

пиададан жүлде алғанда "менің бағам", "осы үшін дайындалдым" деп қуанамын. Болашақта адамдарға білгенімді үйреткім келеді. Математикадан тренер болуды армандаймын", - дейді математик оқушы Ерқанат Кеңшілік.

Лицейде қазір 260 оқушы білім алып жүр. Мектеп тек ер балаларға арналған. Онда 7-11 сынып оқушылары физика-математика пәндерін тереңдетіп оқиды. Әр оқу жылында 6-сыныптан кейін мыңнан аса бала оқуға тапсырады. Сол жерден 50 бала ғана іріктеледі. Сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігі қолдауымен өтетін "Мың бала" олимпиадасының төрт жеңімпазы емтихансыз қабылданады. Ұстаздардың айтуынша, емтихандағы 60 сұрақтың 50-і логикалық математикаға негізделген.

"Негізі бізге түскен балалардың бәрі дарынды, бәрі ақылды. Білуге құмартып тұрады. Ерқанат бізге 7-сыныпта келді. 2020 жылы пандемияның уақыты болғандықтан оқу онлайн болды. Сабақтан кейін балалар Zoom арқылы олимпиадаға дайындыққа қатысты. Ерқанаттың қасында тағы да балалар болды. Балалар он күндік каникулдың бес күнінде жатақханада қалып, математикалық олимпиадаларға дайындалады. Үш айлық жазғы демалыстың бір айы дайындыққа арналады. Ол мектептің ішінде болуы мүмкін, немесе басқа қалада ұйымдастырамыз. Сонымен қатар лицейде жоғары сынып оқушыларына шетелдегі университеттерге түсу жолдары көрсетіледі. Атақты оқу орындарына қалай түсуге болады, қандай емтихан тапсырады, құжатты қай уақытқа дейін тіркеу керек, қалай дайындалу керек деген сұрақтар оқушылармен бірге талқыланады. Жылда 50 оқушының 15-і шетелдік жоғары оқу орындарына түседі. Жартысы Назарбаев университетіне оңай түседі", - деді математика пәнінің мұғалімі Аян Сабитов.

Облыста дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау бағытында жұмыс істейтін орталық бар. Ғылыми орталық басшысының айтуынша, жылда төрт мыңнан аса оқушы өзін дамытуға қатысты шараларға белсенді қатысады. "Оқушылардың интеллектуалдық сайыстарға, ғылыми жобаларға қызығушылығы бар. Жаратылыстану бағытын көп таңдайды. Олимпиадаға физика, химия, математика, биология, география, тарих пәндерінен көбірек қатысады.

Ерқанат оқитын лицейдің өз интернаты бар. Онда балалардың жатын орыны, білім алуы тегін. Балалар күніне бес рет тамақтанады. Кешкілік оқушылар арасында теннис, футбол, шахмат жарыстары өтеді.

**Автор: Ардақ Ерубәева  
KAZ.NUR.KZ тілшісі**

# Жүрек жұтқан жасөспірім

АСТАНА, Sputnik.kz Ақмола облысының полицейлері аса қауіпті қылмыскерді жалғыз өзі ұстаған оқушыны марапаттады, деп хабарлайды облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.



**Бірнеше апта бұрын Щучинск қаласының 7 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Мирас Шаймерденов әйелді өлтіргені үшін іздеу жарияланған қауіпті қылмыскерді жалғыз өзі ұстаған.**



Мирастың айтуынша, өздеріне тиесілі жеке аумақта жасырынған белгісіз адам туралы ол жұмысшыдан білген. Жасөспірім дереу сол жерге барып, мас ер адамнан ол аумақтан кетуін талап еткен. Бірақ қылмыскер агрессия көрсеткен.

Ақмола облысының полиция департаменті 15 жастағы Мирасты осы батылдығы үшін марапаттап, оған логотипі бар брендті футболка мен бейсболка, қол сағат табыстады.

—Қылмыскердің басқа азаматтарға қауіп төндіретінін түсінген Мирас полицияға қоңырау шалып, болған жайтты хабарлады. Жасөспірім қылмыскердің сыртқы белгілерін сипаттай бастағанда және оның суретін жіберген кезде полицейлер ер адамның қылмыстық құқықбұзушының сипаттамасына сәйкес екенін біліп, дереу полиция

жасағын жіберді. Бірақ ержүрек бала полицейлерді күтпей, күрес әдістерін қолданып, күдіктіні құрықтап, полицейлер келгенше ұстап отырған, - дейді Ақмола облысы полиция департаментінің өкілдері.



# «ТӘРБИЕ ДЕГЕН НЕ?»

«Тәрбие деген не?» мақаласында Қазақтың бір туар ақыны, аса көрнекті лирик, сыршыл ақынның бірегейі, прозашы, публицист, ағартушы педагог, аудармашы қоғам қайраткері Мағжан (Әбілмағжан) Жұмабаев Бекенұлының мәдени мұрасы «Педагогика» – кітабынан бастау алып, қазіргі қоғамдағы тәрбие жайлы терең талдау берілген. Автор ежелгі дәстүрлі тәрбие мен тарихи оқиғалардың қазіргі ұлттық құндылықтар мен өмір салтын қалай қалыптастырғанын көрсетеді, осы құндылықтардың қазіргі әлемде сақталуы мен бейімделуін талқылайды. Мақалада сондай - ақ дәстүрлерді сақтау мен дамытудағы жастардың рөлі, жаһандану жағдайында еліміздің мәдени мұрасының болашағының - болашағы қарастырылып, мәдени прогрес пен өзін - өзі дамыту үшін өткен мен бүгіннің үйлесімділігінің маңыздылығы атап өтіледі.

Тәрбие деген не? Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі. Ал енді адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне - өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі деп айтқан екен - Мағжан ағамыз. Тәрбиені төрт түрге бөліп қарастыруға болады:

- 1 Дене тәрбиесі.
- 2 Ақыл тәрбиесі.
- 3 Сұлулық тәрбиесі.
- 4 Нәм құлық тәрбиесі.

Егер адам баласына - осы 4 тәрбие толық берілсе, адам баласының тәрбиелік құндылығы да толық болғаны деп санаймын. Балам адам болсын деген ата - ана осы төрт тәрбиені дұрыс сақтап орындай білсе, баланың болашағы керемет бола-



ры хақ. Адам баласы - қоғамдағы нөмірі бірінші орында тұратын ақылды, саналы, білімді, ойлау қабілеті жоғары деңгейдегі, ерекше жан. Баласы - адам болсын, жамандықтан жиреніп, жақсылыққа ұмтылып тұратын, адамгершілік, ар - ұят, имандылық қасиеттерін жоғары қоятын тұлға болуын, кез - келген ата-ана қалайды.

Бірақ? балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші, ата - ана, мұғалім тәрбие жолын ешкімнен үйренбей, еш нәрсе оқып білмей, өз бетімен бере ала ма? Жоқ. Бұлай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер түрі деп санаймын. Балаға дұрыс тәрбие беру үшін басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек, тәрбие айдынындағы тәжірибиелерін көрсеткен жеке бір пәнмен, яғни тәрбие пәнімен таныс болу керек. Ол тәрбие пәні - педагогика.

Балаға тәрбие бергенде кез - келген педагог (мұғалім) өзінің тәжірибесімен біліміне сүйенеді. Бала негізгі тәрбиені мектеп қабырғасынан, ұстаздан алады. Өйткені оқушы 5-6 сағатын өмірінің жарты күнін мектепте өткізеді, білім алып тәрбие мен тағлым туралы ой санасы қалыптасып, кеңейе түседі. Кез - келген мұғалім Мағжан Жұмабаев ағамыздың «Педагогика» оқулығынан білім алып өз білімін шындайды деп ойлаймын. Педагогика тарихы - ерте кезеңдегі бала тәрбиесімен бүгінгі күнге дейінгі тәрбие дүниесіндегі тәжірибиемен тығыз байланысты білім көзі болып табылады. Кез - келген мұғалім педагогика тарихымен танысып, білімін арттырып, бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуде.

Ұстаздың еңбегі - бала тәрбиесіне келгенде ерекше бағаға ие. Ұстазбен тығыз байланыс орнатып бала тәрбиесін дамыту ата - ана жауапкершілігі. Сонымен қатар әрбір тәрбиеші қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі. Ұлттық тәрбие ол біздің негізгі маңызды құндылығымыз. Ата - ананың ұлттық тәрбиені негізге ала отырып, заман талабына сай, тәліммен ұштастырып өзінің баласын тәрбиелеуі, жаңа заман талабы. Үнемі баланы шектеу, тиым салудан - бала, жасқаншақ, тұйық, өз көзқарасы қалыптаспаған, қоғамда төзімсіз тұлға болып қалыптасуы әбден мүмкін.

Мағжан Жұмабаев - негізгі тәрбие бастауы мұғалім және отбасына байланысты деп тұжырымдайды. Қазағымның әрбір ұрпағы саналы, ұлт мүддесін қорғайтын, иманы бар, бәсекеге қабілетті, білімді, рухты, азамат болуына ата-аналар мен ұстаздар барынша көңіл бөліп, болашақ ұрпағымыз биік шыңдарды бағындырады деп ойлаймын!!!

Диас  
САТЫБАЛДЫ  
Абай атындағы  
РММИ, Алматы  
қаласы  
11 сынып  
оқушысы.  
Сурет:  
Kazislam.kz







## БАЯНАУЫЛДАҒЫ «ЖҰМБАҚ ҚЫЗ» ТАСЫНЫҢ СЫРЫ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН БЕЙМӘЛІМ

Павлодар. KAZINFORM - Археологтер әлі күнге сырын аша алмай келе жатқан ғажайыптың бірі – Баянауылдағы «Жұмбақ қыз» тасы. Ол өте көне заман ескерткішіне жатады. Көргендердің айтуынша, түс ауа күн сәулесі тіке түскенде бір мезет әлгі тастан қыз бейнесі жарқырап шыға келетін болған екен.

Ғалымдардың пайымдауынша, балбалтас көне түркі - қыпшақ ескерткіштері қатарына жатады. Ел ішінде айтылып жүрген аңыз әңгімелерге зер салсақ, «Жұмбақ қыз тасындағы» бейне тәуліктің бір мезгілінде, яғни күндізгі сағат үштерде көрінеді.

1974 жылы академик Әлкей Марғұлан бастаған ғалымдар өңірде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, көне түркі заманынан да бұрынғы дәуірдің қоныс орындарын ашқан. Табылған жәдігерлерді археолог - ғалымдар Алматыға алып кеткен. Кейбіреуі Республикалық музейлерде тұр.

Баянауылдық өлкетанушы Рамазан Нұрғалиевтің айтуынша, Әлкей Марғұлан бастаған археологиялық экспедиция «Жұмбақ қыз» маңайынан көптеген тарихи олжаны іздеп тапқан. Бұл жерде өте көне заманға тиесілі сақ, ғұн молалары кездеседі.

— Ол кезде шыбықты ат қып мініп, шапқылап жүрген алаңсыз шағымыз ғой. Археологтердің

әрекетін сырттай бақылап тұратынбыз, қызық көрінетін. Бірде ғалымдар әлгі жерден қыз баланың қымбат тастардан жасалған әшекейлерін тапты. Ескі ертоқым қалдықтарын, күміс үзеңгі, үш қырлы жебе ұштарын да көрдік. Үлкендердің айтуынша, археологтер сол жердегі қыз тасын көтеріп, Алматыға алып кетпекші болған екен. Алайда түбі терең көмілген әрі жуан болған соң балбалтасты шығара алмапты. Өкінішке қарай, тас орнынан қозғалып кетті де әлгі сурет кейіннен көрінбейтін болды. Бір туысымның баласы бірде кеңшардың қойын айдап бара жатып, күндізгі сағат үштерде әлгі қыз бейнесін көргенін айтты. Содан бері қыз сұлбасын көрдім деп айтқан жан жоқ», - дейді Рамазан Нұрғалиев.

Мұндай балбалтастың бірі - Баянауыл ауданындағы Қаражар және Қаратомар ауылдары маңында да бар. С. Торайғыров университеті Ө. Марғұлан атындағы археологиялық ғылыми - зерттеу орталығының басшысы Виктор Мерц Қаражардағы балбалтастың орналасқан жері ерекше екенін, әлгі мекенде сақтардың құрбандық рәсімін атқарған орындары болғанын жеткізді.

Өкінішке қарай, ашық далада жатқан мұндай қорымдар мен балбалтастар арнайы қоршалмаған.

**Мұрат Аяған,**  
Суреттерді түсірген автор

# Екібастұз ГРЭС-2 түтін мұржасы дүниедегі ең биік мұржа болып саналады

Қазақ даласында қасиетсіз жер жоқ. Әр мекеннің өзіндік құндылығы, таңғалдырар тамашасы мен тылсым дүниелері бар. Кең атырапқа ие біздің жердің қиыр-қиырында бұл күні ашылып бітпеген сырлар қаншама?! Табиғат та адам сияқты, бір сәт сілікініп, өзгеріске түсіп отыру арқылы өткеннің естеліктерін бір бұрышқа тықпалайды. Ал, адам ұрпағы өткен бабасының өмір тіршілігінен ажырап қалмас үшін, көртышқанша қара жерді кеміріп, бұрынғы дәурді зерттеуден жалыққан емес. Павлодар облысында орналасқан Екібастұз қаласының тарихы жайлы бүгінде нақты ақпарат көзі аз.

Сәйкесінше, ел аузында айтылатын аңыз-әңгімелер көп. Қаланың "Екібастұз" деп аталуының өзі естір құлақты елітіп, атауында бір жұмбағы бардай күй кешіреді. Шындығына келсек, қаланың дәл осылай аталуы жайлы бірнеше нұсқа бар. Сарыарқаның солтүстік-шығысында орналасқан әлемдегі ең ірі көмір алабының бірі – Екібастұз. Мұндағы қоңыр көмірді ең алғаш рет 1876 жылы жергілікті зергер Қосым Пішенбаев тапқан. Таңданыс тудырған бұл бір ерекше орыннан адасып қалмас үшін, жақын маңдағы көлден үлкен екі тұз кесегін алып кеп, сол нүктеге белгі ретінде қалдырған деседі.

Осыдан бастап, бұл мекен "Екібастұз" аталған деген болжам бар. Жергілікті ардагер-шахтер Рымжан Бөлекбаевтың айтуы бойынша, бұл жер тарихи оқиғалардың куәсі. Жаугершілік заманда серттескен екі дос осы тұзды көлдің маңында бір уақытта қайтыс болған. Бұл мекен сол кезеңнен бастап жауынгерлердің құрметіне "Екі ат басы қалған тұзды көл" деп аталып кеткен деседі. Тағы бір болжам бойынша, бір бақташы дәл осы мекенде қой сүтін пісіріп отырыпты. Содан өшуге айналған отқа, жанағы сүтті пісіріп отырған белгісіз адам маңайда жатқан кесек қара тастарды лақтырады. Ерекше ыстық жалынмен жанған бұл тастың тегін емес екенін сезген бақташы жанындағы көлден екі үлкен тұз кесегін әкеліп белгілеп кеткен. Сол уақыттан бастап жергілікті халық екі тұздың басы шығып тұрған бұл орынды Екібастұз деп атап кеткен. Бұл аңыздардың барлығы нақты дерек емес. Десе де, барлығының мазмұны бір, көмір алабының атауы жақын маңда орналасқан тұзды көлмен байланысты. Сонымен қатар, нақты дерек бойынша, бұндағы алғашқы көмір қоры 1876 жылы табылып, 1896 жылдан бастап шахталарда өндіріле бастады.

**Бүгінгі Екібастұз – 155 шаршы шақырым жерді алып жатқан Қазақстандағы үлкен маңызға ие өндірістік қала. Мұндағы көмірдің жалпы геологиялық қоры – 10 млрд тонна. Қазақстан бойынша ең ірі көмір алабы – Екібастұздағы "Богатырь" кен орны.**

Екібастұз қаласы 1898 жылы көмір өндіретін жұмысшыларға арналған кент ретінде құрылды. Уақыт өте мұндағы жұмыс ерекше қарқынмен жалғасып, 1957 жылы Екібастұз кенті қала статусына ие болды. 1976 жылы Екібастұз КСРО көмір бассейндерінің ішінде үшінші орынға шықты. Жыл өткен сайын жетістік санын арттырған өндіріс орны, "Богатырь" көмір алабы



1985 жылы Гиннестің рекордтар кітабына "Әлемдегі ең ірі көмір кеніші" дәрежесі бойынша енгізілді.

Бүгінгі уақытта дәл осы "Богатырь" кеніші ауқымды жұмыс орнына айналған. Мұнда Қазақстанның 14, Ресейдің 6 электр станциясы жұмыс істеуде. Екібастұз қаласында орналасқан биіктігі 419 метрді құрайтын ГРЭС-2 мұнарасы – әлемдегі ең ұзын түтін шығаратын құбыр. Оның ең жоғарғы бөлігіне жаяу көтерілу үшін 4 сағат уақыт қажет. Қала тұрғындары бұл мекеннің құнды дүниесіне ерекше көңіл бөледі. Оған дәлел, Екібастұздағы көмірді алғаш игергенде пайдаланылған шөміштің бүгінгі күнге дейін сақталғаны. Тіпті, қаланың кіреберісіндегі сапаржай маңындағы алаңға ескерткіш ретінде орналастырыпты.

Massaget.kz

«Жалағаш жаршысы»



## ЖЕР БЕТІНДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН ҚАЛА – ҚАЗАҚСТАНДА

Арқалық – Қазақстанның ғана емес, жер бетіндегі ең үлкен қала. Беріге дейін осы орнын сақтаған екен. Қазірдің өзінде әлемнің ірі қаласының бірі болып табылады.

Оның алып жатқан аумағы – 15 587 кв метр. Мұндай шақырымға Алматының 22-сі не Астананың жиырма бірі сыяды. Мысалы, Нью-Йорктің өзі Арқалықтан 10 есе кіші екен.

Бірақ тарихи жағынан алып қарасақ, Арқалық – өте жас қала. Ол бұрынырақ Торғай облысының орталығы болған. Қазіргі кезде ол Қостанай облысы Арқалық ауданының орталығы. Қаланың негізі 1956 жылы құрылысшылар мен геологтардың ауылы болып қаланған.

Кейін боксит кен орындарын игеру мақсатында қалаға айналған. 1960 жылы Арқалық қаласы бүкіл одақтық екпінді комсомол құрылыспен жариялаған соң, мұнда Кеңес Одағы бойынша жастар ағып келе бастаған. 1965 Арқалыққа қаланың мәртебесін берілді. Сөйтіп, 1971 Торғай об-

лысының қайта жасалған орталығы болды.

Арқалық 1980 жылдың алғашқы жарты жылдығында Арқалықтың дәуірі дүркіреді. Себебі қалада радиобөлшектердің, ет комбинаты, сүт зауыт, элеватор, керамика фабрикасы, тігін фабрикасы, зауыттар бұл жерде жұмыс істеп тұрды. Бірақ қаланың орналасуы мен инфрақұрылымның соңында Арқалық құлдырай бастаған.

Қазір Арқалық облыс аумағындағы қаланың бірі болып қалды. Мұнда бар-жоғы 30 мың ғана адам тұрады. Бұл жердегі үлкен мәселе – көліктің оқшаулануы. 2012 жылға дейін теміржолдың Арқалық – Есіл деген бір ғана жол торабы болған. Оның өзі сол жерден тоқтайды, одан әрі жол болмайтын. Осыған байланысты 2012-214 жылдарда оңтүстік бағытқа арналған қосымша екі жол торабын салған екен.

**Aiqyn.kz**

**Сурет:tobyl-torgai.kz**



# БЕГІМ АНА

## Қарабура әулиенің қызы Бегім ана жайындағы аңызды ұсынамыз

XI ғасыр тұсында Оғыздар тайпасының билеушісі Мәлік шахтың патшалық құрған тұсында Селжұқ елі әбден кемеліне келген екен. Мәлік шах өлгеннен соң таққа оның баласы Санжар отырады. Санжар сұлтан ел астанасын Қорасаннан Жанкент қаласына көшіріп, шаһарды мықты бекініске айналдырады. Ел билеуден бөлек, саятшылықты серік еткен сұлтан Созақ маңайында өмір сүрген Қарабура әулиенің қызы Бегім сұлуға үйленеді. Көркіне ақылы сай, парасаты мол Бегім сұлу сұлтанды сан қырлы қасиеттерімен баурап алса керек.

Ел аузында, «Бегім анаға жасалған қастандықтың ақыры тұтас мемлекеттің күйреуіне апарды» деген аңыз кең тараған. Ол көптеген шығармалар мен дастандарға арқау болғаны да белгілі. Сол аңызға қайта оралайық: Санжар хан аңға шығып бара жатып үйінде қалып қойған қанжарын әкелуге құлын жұмсайды. Құл ханның жұмсағанын айтып, Бегім сұлудан қанжарды беруін өтінеді. Қанжарды аларда Бегім сұлудың аппақ қолын көрген құл есінен айырылып құлап қалады. Оның кешіккенінен күдіктенген ханға құл: «Ханның білегімнен ұстап, жібермей қалды» депті. Санжар ақ - қарасын тексермей, Бегім сұлудың оң қолын, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіледі де, зынданға тастайды.

Келесі күні Қарабура әулие қиналып жатқан қызының түсіне кіріп: «Балам, шыныңды айт. Ақпысың, әлде қарамысың? Ақ болсаң, Аллаһ жәрдем беріп, жаранды жазар, қара болсаң қарғар, тек турасын айт!», - депті. Сонда Бегім жылап тұрып: «Атажан, құдай атымен сіздің алдыңызда ант етемін! Егер, Санжарға қиянат жасасам, тәңірі атсын. Ақпын, ата!» – дейді.

Осыдан соң Қарабура Санжардың да түсіне кіріп: «Сен де бір балам едің. Егер менің қызым арам болып, саған қиянат істесе, келесі күні сол қолы, сол бұрымы кесіліп, сол танауы тілінген күйде мүгедек болып қалсын! Егер, керісінше болса, қызымның ақ пен қарасын тексермей, жаза қолданғанда бір ауыз әділ сөзін айтпаған сенің шаһарыңды тірі

адам қалдырмай жылан жұтсын!» дейді.

Келесі күні таң ата хан зынданға адам жібереді. Жіберген адамы барса, Бегім баяғы сау қалпында отыр екен. Содан бастап ханды үрей билейді. Кеш болады. Хан кеңесшілерімен отырғанда іңір уақытысында аспаннан бір мес шаһардың ортасына түсіп жарылады. Местің іші толған жылан екен. Жылан қала сыртына тірі жанды шығармай, шағып өлтіреді. Көне аңыз желісі жайнап тұрған Жанкент шаһары қатыгез ханның кесірінен қас пен көздің арасында опат болғанын айтады.

Ал, Бегім сұлу болса мұнара салдырып: «Мұнан былай еркек атаулыны көрмеймін», - деп, қалған ғұмырын сол мұнараның ішінде өткізіпті. Ата -бабасының қасиеті дарып, кейіннен Бегім ана әулие атанады.

Бегім ана мұнарасы Арал ауданының аумағында. Жергілікті халық Бегім сұлуды тазалықтың белгісі санайды. Елі ардақ тұтқан сұлуды махаббатқа адал жан ретінде бейнеледі. Бұл аңыздың айтылып келе жатқанына он ғасырға жуық уақыт өтті. Аңыз түрінде тілге тиек етілетін әңгімені ұйып тыңдайсың. Бегім сұлудың ерекше қадір - қасиетіне таңғаласың. Өлі де ел жадынан өшпей келеді. Ұрпақтан ұрпаққа ұлағат болып тараған. Қанша уақыт өтсе де, халық Бегім ана мұнарасына тәу етіп, ол жерді қасиетті мекен санайды.

Бегім ана мұнарасы қазақ жеріндегі алғашқы мұнаралы ескерткіштердің тізіміне кіреді. X-XI ғасырларға жататын сәулет ескерткіші болып саналатын мұнара қам кесектен тұрғызылып, шаршы пішінді күйдірілген кірпішпен қапталған. Ол сегіз қырлы призма іспетті күмбезбен жабылған.

Мұнараның діңі ортасына дейін монолитті, одан жоғары дөңгелек күмбезді камера орналасқан. Жоғарыда көрсетілгендей, Бегім ана аңызға арқау ғана емес, тарихтан хабар беретін бірден-бір сәулет ескерткіші.

Kyzylorda-news.kz  
Cyber: Egemen.kz





## Ұлыбританиядан Қазақстан тарихына қатысты құнды қолжазбалар мен құжаттар табылды

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары Ұлыбританиядағы ғылыми - зерттеу экспедициясы аясында Лондон, Оксфорд және Манчестер қалаларындағы кітапханалар мен архивтерге, ғылыми орталықтарға барды. Мамандар 15 қолжазба мен 500 - ге жуық архив құжатының көшірмесін алды.

— Қазақстан тарихына қатысты құнды қолжазбаларды, сирек кітаптар мен көне құжаттарды анықтап, олардың көшірмелерін алу еліміздің Ұлттық архив қорын толықтыруға бағытталған. Ғылыми іссапарды жоғары деңгейде ұйымдастыруға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшілігі қолдау көрсетті. Ғылыми іссапарды ұйымдастыру жұмыстары екі айға созылды. Дайындық барысында шетелдік әріптестермен бірнеше кездесу өткізілді. Біз тарихи құжаттардың көшірмелерін алдық, - деді Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры Жандос Болдықов.

Манчестер қаласынан табылған құнды қолжазбалардың бірі – шамамен X-XII ғасырларда алғаш түркі тіліне аударылған қасиетті Құран кітабы. Түркі тіліндегі аудармасы Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» тіліне өте жақын. Кітаптың түркі - ислам мәдениеті үшін маңызы зор.

Сондай-ақ маңызды қолжазбалардың бірі – араб тілінде библиографиялық бағытта жазылған

ортағасырлық еңбек. «Китәб мақалаат әр - Рафиъа фии усул ылым ат-табиъа» (Табиғат ғылымының негіздері жайлы жоғары мақалалар кітабы) кітабында Әбу Насыр әл - Фарабидің өмірбаяны мен қолжазбалары туралы мәліметтер бар. Еуропалық зерттеуші ғалым Карл Броккельман өз еңбегінде қолжазба әл - Фарабиге тиесілі екенін атап көрсеткен.

Қазақстандық мамандарды Оксфордтың Бодлиан кітапханасынан XI ғасырдағы парсы тарихшысы Әбу Саид Абд-әл-Хайи-Гардизидің «Зейн әл-ахбар» еңбегі қызықтырды. Қолжазба 1049-1053 жылдар аралығында жазылған. Еңбекте 1032 жылға дейінгі парсы (исламға дейінгі) патшалардың, Мұхаммед пен халифалардың, сондай-ақ Хорасанның 1041 жылға дейінгі тарихы қамтылған. Үндістан, Азияның түркі тайпалары, орыстар, гректер арасындағы ғылым, дін, мерекелер туралы тараулар бар. Аталған қолжазбаның үзінділерін В.В. Бартольд «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» және «1893-1894 жылдардағы Орта Азияға сапар туралы есеп» еңбектерінде қолданған.

Ұлттық орталықтың қызметкерлері мен шетелдік ғалымдар қолжазбалар мен басқа да еңбектерге бірлескен зерттеулер жүргізуді жоспарлап отыр.

**ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі**

# Екібастұз көмірін ашқан Қосым Пішенбаев жайында не білеміз

«Дала академиясының» туғанына 180 жыл толып отыр. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ жеріндегі 20 -дан астам кен орын алғаш ашқан қазақ.

Қосым жайлы аңыздар көп. Оның ағылшын көпестерінің шақыртуымен Лондонға баруы, «атаман Өске» - мен егескені туралы айтылады.



ЕКІБАСТҰЗ. KAZINFORM – Аты аңызға айналған әйгілі кентанушы Қосым Пішенбаевтың есімін бүгінде отандық геология саласы аса қастер тұтады. Баянауылдың түкпіріндегі Үрпек ауылында туып, кен өнеркәсібіне қатысты ешбір кәсіптік білімі болмаса да табиғатқа, қоршаған ортаға деген ерекше сүйіспеншілігі оны жастайынан тастың тілін түсінуге жетелегені анық.

Қосым Пішенбайұлы 1844 жылы туған. Жаратқанның бойға берген ерекше сыйы болар, Қосым бала шағынан тау - тасты кезіп, шалғай жерлерді аралауға құмар болыпты. Ол тұста жер барлаушы, геология ғылымы дегенді қазақ түсінбейді. Ешқандай кәсіби білімі жоқ Қосым жігіттік шаққа дейін салт атпен, түйемен біраз өңірді шолып, сол тұста - ақ болашақ кен көздерінің біразын зердесіне түйіп үлгерген. Осы бір елден ерек қасиетін ауылдастары жақтырмай, «Кезбе Қосым» деп атап кеткен деседі.


Екібастұз секілді алып өндірістік аумақтың негізін салып берген кентанушының қай еңбегі болсын атауға тұрарлық. Қ. Пішенбаев іздеп тапқан кен орындары ішінде «Екібастұз», «Александровка», «Берікқара», «Қазанауыз», «Майкөбе», «Майқайың», «Жосалы», «Көктас», «Желтау», «Жартас», «Үшқатын», «Найзатас», «Үшқара», «Қарақұра», «Шөптікөл», «Алтынды» сияқты нысандар бар.

Бір деректерде ғұлама ғалым, Қазақ КСР академиясын алғаш ұйымдастырушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қосымды ерекше сыйлап, онымен үнемі байланысып тұрғандығы, сыртта жүргенде Қосымға телеграмма жібергені айтылады. Бұдан біз қарапайым кен барлаушының ғалым тарапынан зор құрметке ие болғанын байқаймыз.

Ал атақты жазушы Қалмұқан Исабаев «Қаныш аға осындай еді» кітабында академиктің мынадай сөздерін келтіреді: «Пішенбаев Қосым дегенді естулерің бар ма?.. Ол қазір дүниеде жоқ адам. Екібастұз көмірін тапқан сол. Құжаттарын іздестіріп тауып, мына разрезді (қазіргі «Богатырь» кеніші) соның атына қойғандарын дұрыс болар еді...»

Қалмұқан аға бұған қоса бірнеше зерттеу материалдарын жария етіп, нәтижесінде Екібастұзда тұлғаның зәулім ескерткіші ашылып, атына көше берілді.

Тума талант геолог Қосым Пішенбаевтың есімі кейінгі ғылыми әдебиетте де ұмытылған жоқ: «Қазақстандағы төңкеріске дейінгі түсті металлургия және тау-кен ісі» – Воскресенск теміржол зауытының жазбасында мынадай жолдар кездеседі: «Воскресенск зауыты 1900 жылдың 17 сәуірінде іске кірісті. Ол халық аңызы бойынша көшпелілерден шыққан мал бағушы Қосым Ишенбаев ашқан (бұл жерде тегінде қате жіберілген)



Екібастұз көмірін тапқан халық геологы Қосым Пішенбаев. Суретті 1923 жылы Павел Николаевич Комаров түсірген екен. Ол сурет сыртына Қосым жөнінде: «Казах, 65-70 лет. Геолог-самоучка, с которым вместе путешествовали по Казахстану», – деп жазыпты

Екібастұздың көмірімен жұмыс істеді».

Енді Қосымның ұрпақтары мен өмірі жөнінде бірер сөз айтсақ. Қосым Пішенбаевтан қалған ұрпақ бүгінде бар. Кейбіреулер 32-нің аштығында оның отбасы түгел қырылып қалды деп ойлайды. Жоқ, шындығында одан Әбіш, Мұқыш дейтін екі ұл қалған. Әбіштен Қайша, Қатыкен, Хадиша атты қыз балалар туған. Хадишаның қызы Рымтай кішкене шағында нағашы атасы Әбіштің қолында өскен. Рымтайдан бүгінде Гауһар, Гүлнәр деген екі қыз тарап отыр. Өкінішке қарай, Қосымнан еркек кіндік ұрпақ қалмаған. Десе де, оның аталас туысы Амантай Ақышұлы Есімбаев бүгінде көзі тірі, шежірелі қарттардың бірі. Амантай аға – Қосымның

інісі Есімбайдың ұрпағы. Екібастұз шаһарында тұратын ақсақалмен жолығып, көп жайттың анық-қанығын дұрыстап алғанды жөн санадық.

Қосым Құлболды руының Майлытонынан тарайды. Майлытонның кейінгі ұрпақтарының бірі – Қоныс. Қоныстың төртінші әйелінен Пішенбай туған. Пішенбайдан Қосым мен Есімбай кіндік таратты. Есімбай – Амантай ағамыздың атасы. Амантай Ақышұлы бүгінде Пішенбай әулетінен қалған жалғыз ер азамат.

«Қосымды көрген, онымен бір шаңырақ астында кү-



нелтіп, талай қиындықты бірге бөліскен азаматтармен дастарқандас болдым. Соның бірі – Баянауылдың Күркелі ауылында тұрған марқұм Әбдірахман ақсақал еді. 1970 жылдардың аяғында Южный совхозына зоотехник болып барғанда, Әбекең көп жайтты ақтарған еді. «Қарағым, мен өлсем мойнымда қарыз болып қалады. Қосекең 88 жасқа келіп қайтты. Үш адам өз қолымызбен жерледік, оның бірі мен едім. Саған жерленген жерін нұсқап кетейін», - деп мені Мақаш қыстауына алып барып, сол жердегі көп зираттың арасынан Қосымның қабірін көрсетіп кетті. Кейін басына ескерткіш тас орнатып, айналасын қоршадық.

Әбекең өле - өлгенше Қосымның аруағына риза болып кетті. 1932 жылдың аштығында Мақашта 5-6 отбасының аман қалуына Қосым тікелей себепкер болған екен. Соның арасында Әбдірахман отбасы да бар. Сол жылы жазда -ақ жер танығыш Қосекең биыл жұт болғалы тұр, ертерек қамданайық деп өзі жақсы білетін ер азаматтарды тізе біріктіруге шақырады. Елде асыра сілтеудің қызып, жұртшылықтың малы тартып алынып жатқан кез. Осы жазда - ақ сай - салаға босып жүрген аш - арықтар толып кетеді. Аш адам жыртқыш адамнан да қауіпті. Қосымның жөн сілтеуімен жаңағы 5-6 отбасы бір үйге келіп қоныстанады. Үйде адам қарасы көп болса, жалғыз-жарым азық іздеп келуге жүрегі дауаламайтыны айқын. Қосекең қолда қалған барлық мал - мүлік, тері - терсекті Қоянды жәрмеңкесіне айдатып, бидай, шай, қант секілді қат азықтарға айырбастатады. Атпен алып келгенде бидай 6 қап шыққан екен. Қосым «бұл бидай біздің әулеттеріміздің сақталып қалуына бірде - бір себепкер бола-

ды. Осыны көздің қарашығындай сақтауымыз керек», - деп әлгі үш бөлмелі үйдің жал пешін бұзғызып, ортасынан қуыс қалдырып, барлық дәнді сол жерге төгіп, қайтадан қалатып тастайды. Әйгілі 32-нің қысында бұл үйдегі барлық жан осы бидайдан күніне қуырып жеп, жан сақтаған екен. Олардың арасында қос ұлы – Әбіш пен Мұқыш бар. Міне, бұл да Қосымның бір ерлігі еді.

Өкінішке қарай, осы қыста Қосым көз жұмады. Аштықтан емес, аурудан. Сол жылы Майқайыңнан ағылшындардың барлық өндірісті тастап, үдере кетіп жатқан кезі. Алғашқы қар түскенде ағылшындар қос ат жеккен шаналарымен көше бастайды. Сонда атамыз: «Шіркін, бұл шаналардың іші алтынға толы, біреуін қолға түсірсек, арман не!» - деген екен. Сөйтсе, әлгі шаналардың табанындағы ағаштардың іші ойылып, түйір алтынға толтырылған екен. Сырт көзге байқалмайтын ағылшындардың қулығын Қосекең бұрыннан білген ғой. Атамыз күздің қара суығында түйесіне мініп, ағылшындарды торуылдап кетеді. Алайда, жолы болмай, қарулы әскерден сескеніп, шананы қолға түсіре алмай қайтады. Ұзақ жол жүріп шаршап келген, оның үстіне жүдеген Қосекеңнің жасы да сыр бере бастаған уақыт. Төсек тартып қалған. Сол қыста о дүниелік болады. Сонда бір үйде қоныстанған Әбдірахман, Жәмін және тағы бір (атын ұмыттым) азамат үшеулеп Мақаштағы зиратқа әкеп жерлеп, үстіне ескі үйлердің бірінен қалған есікті жапқан екен. Топырақтың тоң болып қалғаны соншалық, сүймен батпай, ескі зираттың қабырғасын құлатып, қабірді соның астынан қаздық деп отыратын Әбекең», - дейді Амантай аға.

Мұрат Аяған, Kazinform.kz

Редакциядан: Автордың «Екібастұз көмірін ашқан Қосым Пішенбаев жайында не білеміз» атты мақаласы 2 бетке лайықталып, қысқартылды.



# ӘКЕМ – ҚОРҒАНЫМ, АНАМ – ЖАННАТ БАҒЫМ!

Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек қана өзіңіздің ата-аналық қуанышыңыз үшін ғана дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді.

Антон Макаренко

\*Ата-ананың ақылы - қазулы қара жолмен тең.  
Дулат Бабатайұлы

\*Балаға берілген бірінші тәрбие ата-анасын, туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады.

Ыбырай Алтынсарин

\* Әкеде де - әке, балада да — бала бар.  
Міржақып Дулатұлы

\*Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен ата-ана кінәлі.

Бауыржан Момышұлы

\*Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды.

Ғабиден Мұстафин

\*Ата-ананы ұмытқан жас — опасыздың опасызы, рақымсыздың рақымсызы.

Ғабиден Мұстафин

\*Ата-ана қадірін білмеген – халық қадірін біле алмас. Халық қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.

Ғабиден Мұстафин

\*Судың тазалығын үйретейік, желдің еркелігін үйретейік, ағаштардың жайқалуын үйретейік, күннің жылылығын үйретейік, ата-ананың достығын үйретейік... Балаларымызды әуелі ата-ананың мейіріміне, махаббатына бөлейік!

Ғабит Мүсірепов

\*Ата-анасын ардақтамаған ұл – нағыз қылмыскер. Ешбір ұлдың анасына бейжай қарауына құқы жоқ.

Ги де Мопассан



Bilimall.kz

Сурет: Arqau.kz





# Farabi *shakirti*

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



## Олжас Бектенов отметил важность сохранения исторического облика мавзолея Ходжи Ахмеда Яссауи

Премьер-Министр Казахстана Олжас Бектенов в рамках рабочей поездки в Туркестанскую область посетил мавзолей Ходжи Ахмеда Яссауи, где ознакомился с ходом исполнения поручения Главы государства по обеспечению сохранности уникального памятника архитектуры и объекта всемирного наследия ЮНЕСКО.

Мавзолей Х.А. Яссауи входит в архитектурно-исторический комплекс Туркестана, который ежегодно посещают более 1 млн человек. Работы по сохранению надлежащего состояния мавзолея обусловлены воздействием естественных природных условий и нацелены на обеспечение сохранности уникального памятника архитектуры и объекта всемирного наследия ЮНЕСКО.

Реконструкция ведется с августа прошлого

года. На сегодняшний день в мавзолее установлены датчики измерения воздействия внешней среды и климатических факторов.

Научно-реставрационные ремонтные работы продолжаются. Глава Правительства отметил важность проводимых работ по сохранению памятника культуры.

«Мавзолей Ходжи Ахмеда Яссауи – драгоценное наследие не только казахского народа, но и всего человечества. Глава государства дал поручение сохранить его исторический облик. Это наша общая задача. Состояние мавзолея нужно держать на особом контроле», - сказал Олжас Бектенов и подчеркнул, что со стороны Правительства будут оказаны все меры поддержки проводимых работ.

**Primeminister.kz**





**Сегодня во всех регионах Казахстана в рамках ежегодной международной акции пройдет экологическая акция «Час Земли». Участниками акции являются Амбассадоры Земли - представители школьных парламентов, эко-активисты, эксперты в сфере экологии и родительская ответственность.**

Цель - внедрение в сознание детей и молодежи идеи эко-активизма и экологического поведения, развитие навыков экологической культуры.

«Акция Час Земли – ежегодное международное событие, проводимое Всемирным фондом дикой природы, призывающее всех к бережному отношению к природе. Помимо этого, тысячи архитектурных памятников и значимых зданий мира гасят свою подсветку, частные лица, предприятия, учреждения образования, государственные и коммерческие организации – выключить свет и другие не жизненно важные электроприборы на один час, чтобы стимулировать интерес к проблеме изменения климата, энергетического объединения человечества», - отметила директор Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования Министерство просвещения Раиса Шер.

В рамках проведения акции во всех регионах Казахстана будут проведены масштабные мероприятия:

- Выставка «Лучшие экологические поделки» в Абайской области;
- В Актюбинской области состоится вечер поэзии о природе;
- В Акмолинской области запланирован «Климатический киномарафон»;
- В Алматинской области будет проведен Спектакль теневого театра «Защитим природу» в исполнении учеников школы искусств;
- В Атырауской области центром имени Абая будет организована выставка рисунков на асфальте;
- В Западно-Казахстанской области состоится фестиваль инновационных технологий и робототехники;
- «ROBOLAND-2024» - «Экороботы в современном мире»;

•В Восточно-Казахстанской области будет организован Фуд-корт с предложением лакомств и напитков, которые можно приготовить без электричества, например, фрукты, закуски, напитки без готовки;

•Жамбылская область удивит флеш-мобом с использованием фейерверков и светодиодов;

•Тренинг «Экологической грамотности» пройдет в области Жетісу с участием спикеров КазЭкоПатруль!

•Конкурс поделок «Детская рука творит чудеса» будет проведен станцией юных натуралистов Карагандинской области.

•Нейрографика в танце: танцевальные движения под звуки живой природы пройдут в Костанайской области;

•В Мангыстауской области пройдут Веселые старты и квест игры на экологическую тематику;

•Вечер при неоновых фонарях и признание в любви к природе: своими словами, в прозе, в стихах, в песнях пройдет в Павлодарской области.

•В Северо-Казахстанской области пройдет интеллектуальная игра на экологическую тематику;

•В Туркестанской области состоятся бардовые песни у костра;

•В области Ұлытау будет презентована фотогалерея «Селфи с природой»;

•В городе Шымкент повсеместно учениками будет осуществлена посадка саженцев «Мое именное дерево».

•В г. Астана организован круглый стол, приуроченный ко Всемирной акции «Час Земли».

Вместе с тем по всему Казахстану марафон завершится флешмобом «Это наш - Казахстан».

**Фотоиллюстрация ИИ  
Сайт Министерство Просвещения**

# САМЫЕ НЕОБЫЧНЫЕ И УДИВИТЕЛЬНЫЕ ФАКТЫ

Ребенок рождается с большим количеством костей, чем есть у взрослого. В детском скелете количество костей равно примерно 300, с возрастом цифра уменьшается и остается всего лишь 205 - 207 косточек. Это связано с тем, что дети содержат большое количество мелких косточек, которые срастаются в крупные кости только к определенному возрасту.

✿ Трехлетний ребенок может создать шум сильнее голоса 200 взрослых людей одновременно.

✿ Дети умеют плавать с самого рождения. До первых четырех-шести месяцев дети рефлекторно могут плавать. Если новорожденного поместить в воду - сработает плавательный рефлекс: малыш задержит дыхание и начнет выполнять скоординированные плавательные движения. Работа с этим рефлексом - это и есть грудничковое плавание. В следующий раз научить ребенка плавать можно только сознательно.

✿ Ганеш Ситам-палам считается самым умным ребенком в мире. В возрасте 7 лет мальчик стал самым молодым студентом университета на планете. Ганеш мгновенно схватывает положенный курс знаний, даже если посещает лекции всего раз в неделю. В планах маленького гения к 13 годам получить ученую степень бакалавра.

✿ Большинство людей не помнят себя до трехлетне-

го возраста. Психологи дали этому явлению название "инфантильная амнезия" или "амнезия детства". Согласно исследованиям дети могут помнить события, которые с ними произошли даже в возрасте одного года, но во время взросления они преимущественно полностью теряют воспоминания о своих самых молодых годах.

✿ Самым старым образовательным учреждением принято считать университет Карауин для мусульман в городе Фесе. Согласно данным архивов, его открыли еще в 859 году нашей эры.

✿ В Чехии все не так, как у нас: за хорошую работу школьники получают 1 балл, а за отсутствие знаний - 5 баллов. Франция же использует 20-бальную шкалу для оценки знаний учащихся.

✿ В школах Японии нет столовых, поэтому дети едят на переменах в классе вместе с учителями, и это делает их отношения более доверительными и открытыми. Кроме того, среди японских учителей почти нет женщин.

✿ Улитки могут спать в течение трех лет без еды и воды.

✿ Некоторым детям очень сложно даются школьные знания. Например, Чарльз Диккенс, Марк Твен, Альберт Эйнштейн и Томас Эдисон не могли полноценно освоить даже начальные этапы обучения. Однако в будущем, все эти знаменитые люди получили общественное признание и авторитет в различных областях науки. Это в очередной раз доказывает то, что у каждого человека есть свой индивидуальный подход к получению знаний.

✿ Когда Билл Гейтс был школьником, ему удалось взломать школьный сервер и получить доступ к секретной информации. Когда об этом узнали учителя и директор, его не наказали, а наоборот предложили работу в штате информационной безопасности, который находился в Сиэтле. Это не просто интересный факт для школьников, но прекрасный пример того, как настоящие таланты находят себе дорогу в жизни.

Источник: Kidskey; interesnyefakty.com;  
Фото: martebe.kz; в контакте





# 30 лучших университетов Европы

## 1. Оксфордский университет (University of Oxford), Великобритания

Это старейший университет в мире (1096 год), занимает первое место в мировом рейтинге ТНЕ. Состоит из 44 колледжей. Там учится около 22 тысяч студентов, более половины – на бакалавриате. Свыше 40% – иностранцы из 140 стран.

Полный перечень курсов есть на сайте Оксфорда. Сколько стоит год обучения. Зависит от направления. Например, чтобы получить степень бакалавра финансов, каждый год нужно платить 21 760 фунтов. А курс Executive Master of Business Administration (программа дополнительного профессионального образования для топ-менеджеров. – Прим. ред.) стоит 94 800 фунтов стерлингов за весь курс. Длительность – 24 месяца.

## 2. Кембриджский университет (University of Cambridge), Великобритания

Это главный конкурент Оксфорда. В Кембридже учится более 18 тысяч студентов. Около 4 тыс. – иностранцы из более чем 120 стран. Кроме классического образования есть международные

летние школы. Они предлагают 150 курсов.

Среди прочего в университете есть факультет бизнеса и менеджмента.

Интересный факт: невозможно подать заявку в университеты Кембриджа и Оксфорда в один и тот же год.

## 3. Имперский колледж Лондона (Imperial College London), Великобритания

Учебное заведение расположено в центре Лондона. С 1907 года это самостоятельное учреждение, до этого колледж был частью Лондонского университета.

Сейчас здесь обучается около 15 тыс. студентов. Есть бизнес-школа, где можно получить степень MBA (программа управленческой подготовки менеджеров среднего и высшего звена. – Прим. ред.), магистра и даже учиться дистанционно.

## 4. Швейцарская высшая техническая школа Цюриха (ETH Zurich), Швейцария

Университет занимает 14-е место в мире и четвертое в Европе. В разное время здесь учились или работали более 20 лауреатов Нобелевской премии, включая отца современной физики и изобретателя общей теории относительности Альберта Эйнштейна.

## 5. Университетский колледж Лондона (UCL), Великобритания

В 1878 году колледж стал первым университетом в Англии, который принимал на учебу женщин наравне с мужчинами.

Сегодня там учится более 36 тыс. человек, половина из них аспиранты. Около 30% – это



иностранные студенты из 150 стран.

**6. Лондонская школа экономики и политических наук (LSE), Великобритания.**

Основана в 1895 году для «улучшения общества». В разные годы с заведением сотрудничали 13 нобелевских лауреатов по экономике. Университет специализируется на изучении общественных наук.

Сегодня там обучается 9,6 тыс. студентов дневного отделения из 140 стран.

**7. Эдинбургский университет (UoE), Великобритания**

Международный университет, который принимает студентов со всех уголков земного шара. Они могут воспользоваться преимуществами фонда Go Abroad Fund, который ежегодно предоставляет гранты 250 студентам.

**8. Университет Людвиг-Максимилиана (LMU), Германия**

Университет разделен на 18 факультетов, среди них есть факультеты управления и бизнеса, экономики. Сегодня там учатся более 53 тыс. студентов. В университете есть интересная традиция Cooks on Campus: иностранные студенты делятся национальными рецептами блюд и угощают посетителей мероприятия.

**9. Королевский колледж Лондона (KCL), Великобритания**

Это крупнейший учебный центр в области здравоохранения в Европе. Но в университете есть факультет бизнеса, где можно получить степень бакалавра и магистра.

**10. Технический университет Мюнхена**

**(Technical University of Munich), Германия**

В институте учились несколько изобретателей. Среди них – «автор» холодильника Карл фон Линде и отец дизельного двигателя Рудольф Дизель.

В 2006 году университет запустил новую институциональную стратегию, позиционируя себя как «университет предпринимательства». Студенты и сотрудники уже создали более 800 стартапов.

**11. Федеральная политехническая школа Лозанны (École Polytechnique Fédérale de Lausanne), Швейцария**

Университет основан в 1853 году. Учебная программа ориентирована в основном на естественные науки: математику, физику, химию, биологию, экономику. В 1969 году университет получил статус национального.

Сегодня там учится около 16 тыс. человек. Это один из самых интернациональных кампусов: здесь живут и учатся представители 120 национальностей.

**12. Левенский католический университет (KU Leuven), Бельгия**

Один из старейших исследовательских центров Европы. Основан в 1425 году. Предлагает много учебных программ на английском языке. Например, бакалавр делового администрирования или бизнеса. В университете 15 факультетов. Много иностранных студентов и сотрудников, представляющих более 150 национальностей.

(А продолжение ждите в следующем выпуске).



# 10 Fun Facts About The United Kingdom

1. Britons Drink 36 Billion Cups of Tea Per Year (One of My Favourite British Facts!)

Yes, that's billion with a 'b'!

If you divide it out, it comes to an estimated 100,000,000 cups of tea each day.

Why and how did the UK become so obsessed with their daily (or hourly) cuppa?

It began with the founding of the British East India Company in 1600, which imported tea from UK colonies in southern Asia.

But it wasn't until Catherine of Braganza married King Charles II and introduced the royals to her favourite pastime — drinking tea on every occasion — that the habit really caught on.

These days, drinking tea is the great leveller of British society, cutting across every social, ethnic, and economic divide.

2. London's Subway Is the Oldest in the World

There are 180 subway systems in 56 countries around the globe, but London's famous "Tube" is the oldest.

It took 10 years of discussion before the British government approved the construction of an underground railway between Farringdon Street and Bishop's Road, Paddington. Work began in 1860 and the line officially opened on January 10, 1863.

Today, the London Underground contains 11 different lines that whisk up to 5 million passengers across the city each day.

3. Shakespeare Revolutionised the English Language

Have you ever been in a pickle or gone on a wild goose chase?

Have you ever gossiped, grovelled, or felt gloomy or bedazzled?


These are just a few examples of the words and phrases that William Shakespeare introduced to the English language.

Experts estimate that he was the first to coin about 2,000 different words and expressions in his famous writings.

In fact, Shakespeare uses about 15,000 different words throughout his plays and poetry.

So the next time you meet someone with 'a heart of gold' or you wait 'with bated breath' for an important announcement, thank Shakespeare for his contributions to the English language.

With its small landmass, here's one of the interesting facts about the UK that may come as no surprise...



4. The UK Is Home to the World’s Shortest Flight  
Next up on this list of fun facts about Britain is good news for anyone who hates to fly.

Head north to Scotland and the archipelago of the Orkney Islands. Here you’ll find the shortest passenger flight in the world linking the tiny island of Westray to the (even tinier) island of Papa Westray.

Just how short is the flight?

The scheduled time is two minutes and 40 seconds, but when the winds are right, the plane can go from takeoff to touchdown in just 53 seconds.

It’s a good thing, too, because the tiny prop jet holds only eight passengers and isn’t much bigger than a VW camper van.

There’s not even a lavatory on board, so if you have a small bladder, you may want to skip the cup of coffee before you fly!

5. Funny British Facts: Every Horse Must Have a Passport

Only one in three American citizens have a valid passport. But if you’re a horse, donkey, mule, or zebra in the UK, guess what?

You’re required by law to have a passport.

That’s right.

Owners must have a valid horse passport for all their equine friends.

The document lists the name of the owner and the animal’s vaccination records, as well as details about their species, breed, and colour.

Britons who can’t provide a valid passport for their horse are subject to fines and other penalties.

The same is true if the animal doesn’t have a registered microchip!

6. A Welsh Town Has the Longest Name in Europe  
Would you like to take a train to Llanfairpwllgwyngyll-gogerychwyrndrobwllllantysiliogogoch?

If so, head over to Wales, where you’ll find the town with an impressive 58 letters in its name.

A weatherman pronounced it without missing a beat during a live broadcast, but I’m fairly certain he practised (A LOT) before the camera started rolling.

The closed captioning listed “critical English mechanical problems like to see a go go go” as the town’s pronunciation, and that’s probably as close as most of us will ever get!

Bonus fact: As crazy as this Welsh name is, it isn’t actually the longest name in the world.

The title goes to a hill on the north island of New Zealand named — are you ready for it?



Бегім ана мұнарасы.  
Қызылорда облысы, Арал ауданы

